



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№  
02.06.2022 № 2 ге

**Тұрақты комиссияның  
2022 жылғы 2 маусымдағы  
қаулысы**

**«Мәслихаттың тұрақты комиссияларының  
әлеуметтік маңызы бар азық-түлік  
тауарларына бағаларды тұрақтандыру  
мәселелері бойынша ұсынымдарының  
орындалу барысы туралы»**

Атқарушы орган мен «Astana» ӘКК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) «Мәслихаттың тұрақты комиссияларының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мәселелері жөніндегі ұсынымдарының орындалу барысы туралы» ақпаратын тындап, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) бұл бағыттағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын атап өтеді.

Тұрақтандыру қорларын құрудың негізгі мақсаты азық-түліктің негізгі түрлеріне бағаның ауытқуын тегістеу болып табылады.

2017 жылдан бастап 2021 жылға дейін Қоғамға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін жергілікті бюджеттен ақша қаражаты бөлінді, оның шегінде 2020 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 атауына 31 қарыз берілді.

Осылайша, берілген қарыздар шеңберінде тауарларды белгіленген бағалар бойынша сату «Магнум», «Астықжан», «Вкусмарт» сауда орталықтарында, «Ақмол», «Анвар», «Аян», «Азат» СҮ, «Шапағат» базарында (бұдан әрі – Сауда орталықтары) жүзеге асырылуы тиіс.

Қоғам ұсынған ақпаратқа сәйкес, қарыз алушылардың шарттық міндеттемелерді орындауын мониторингілеу шеңберінде Қоғам апта сайынғы негізде бағаларға мониторинг жүргізеді.

Алайда, қалалық мәслихаттың мобильді тобы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізу мақсатында Сауда орталықтарын аралау барысында тұрақтандыру қорынан өнімдердің басым бөлігі жоғары бағамен сатылып жатқанын, өнімнің әлеуметтік өнім ретінде сатылып жатқандығын көрсететін тақтайшалар жоқ екенін анықтап, видеоға тіркеді.

Бұдан бұрын, Тұрақты комиссияның отырыстарында Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйекте берген тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету, өндірушіден тұтынушыға дейінгі тізбек бойынша бағаларға бірыңғай бақылау орнату жөнінде, тиісті атқарушы органдар мен Қоғамның тиімсіз баға белгілеуіне және азық-түлік тауарларын бөлуіне қатысты ұсынымдар берілген.

Алайда, Сауда орталықтарының жоғарыда көрсетілген өнімдерді сатуы бойынша жағдай бұрынғысынша қалып отыр, бұл Сауда орталықтарының тиісті шарттық міндеттемелерді орындауына атқарушы орган мен Қоғам тарапынан бақылаудың жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, анықталған фактілер бөлінетін бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылғанын айғақтайды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ «Astana» ӘКК» АҚ-мен бірлесіп:

Сауда орталықтарының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату бөлігінде шарттық міндеттемелерді орындауы бойынша қатаң бақылауды қамтамасыз ету;

қарыз алушылар - Сауда орталықтарын шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту туралы, оның ішінде айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбын салу бойынша ақпарат беру;

25 маусымға дейінгі мерзімде барлық Сауда орталықтарында көрінетін жерде тұрақтандырылған бағалар бойынша сатылатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары туралы ақпараттық стендтер немесе кестелер орналастыруды қамтамасыз ету;

тауарды сату жүргізілетін мерзімдер мен желілерді көрсете отырып, форвардтық сатып алу тетігі бойынша толық ақпарат беру;

қалалық мәслихат депутаттарының назарына бағалардың жаңартылуы және шарттардың қайта жасалуы туралы ақпаратты тұрақты негізде жеткізу;

елорда тұрғындары арасында бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, ақпараттық порталдарда тұрақтандырылған баға бойынша, яғни ХӘОТ санаты үшін төмен баға бойынша сатылатын өнімдерге қатысты тұрақты негізде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;

жергілікті бюджеттен бөлінетін ақша қаражатын, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру шеңберінде тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

қалалық мәслихатқа жеткізушілермен жасалған шарттар тізбесін беру ұсынылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ «Astana» ӘКК» АҚ бірлесіп:

1 шілдеге дейін іске асырылу мерзімдерін көрсете отырып, ХӨОТ санаты үшін қызметтер мен материалдық көмекті кешенді ұсыну жөнінде әлеуметтік карта немесе азаматтардың белгілі бір санаттары үшін әлеуметтік маңызы бар өнімдерге жеңілдіктердің бірыңғай жүйесінің тетігін жасау бойынша ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

3. Атқарушы органдар мен «Astana» ӘКК» АҚ бір ай мерзімде қалалық мәслихатқа осы қаулыны орындау жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат берсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
бюджет, экономика, өнеркәсіп және  
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**В. Сергеев**